Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

20 желтоқсан сәрсенбі
№100 (2007)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ИГІЛІК БАСТАУЫ – ЖАҢА КӨПІР

Тәуелсіздік мерекесіне орай Қызылорда қаласында «Батыс-Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізі бойындағы жол айырығына жаңа көпір салынып, пайдалануға берілді. Бұл біздің аймаққа ғана емес тұтас ел үшін маңызды құрылыстың бірі. Салтанаты шараға облыс әкімінің орынбасары Данияр Жаналинов, қала әкімі Асылбек Шәменов қатысып, қызылордалықтарды жаңа көпірдің ашылуымен құттықтады.

– Мереке қарсаңында облысымызда әлеуметтік маңызы бар жаңа нысандар ашылып, тұрғын үйлер, жаяу жүргіншілер көпірлері халыққа пайдалануға берілуде. Міне, бүгін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойында жол айырығына салынған жаңа көпір ел игілігіне табысталмақшы. Жаңа көпір құрылысына республикалық және облыстық бюджет есебінен 5,7 млрд теңге қаржы бағытталды. Бұл көпірдің басты қызметі Қызылорда қаласының сол жағалау бөлігіндегі халықаралық маңызы бар автокөлік трассасын қауіпсіз және үздіксіз көлік ағымымен байланыстыру болып табылады. Аталған нысанның бас мердігер мекемесі «Bazis Construction» ЖШС-на барша облыс тұрғындары атынан алғысымды білдіремін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

4 БЕТТЕ

АЖАЛ АУЗЫНДАҒЫ АҚИҚАТ

Тар қапастың ішінде жалғыз адам.Тыпыршып бір орында тұрар емес. Ары-бері кезіп жүр. Отырады, тұрады, арасында жылап та алады. Өз-өзімен күбірлесіп сөйлесіп «Мен не істедім? Не істеп қойдым мен?» деп, қабырғаны қос қолдап ұрғылап жатыр. «Босатыңдар. Менің ешқандай жазығым жоқ еді ғой, босатыңдар!..» деп айқайлаумен болды. Ал оны тыңдап жатқан ешкім жоқ. Жын қаққан адамдай жерде жатып айқайлап, аяқ-қолы төрт жаққа бірдей сермеліп: «Не жазығым бар еді, жексұрындар? Босатыңдар! Бәрібір ешкімді сатпаймын. Кінәм болса айтыңдар» деп, жалғыз адамдық камераны басына көтерді.

Бұл тар қапасқа тоғытылған, бүкіл арман-мақсаты ел үшін еңбек ету болған, сол жолға барын сала еңбектенген, қазақтың қайраткер ұлы Дінмұхамед Әділов еді. Былайғы жұрт оны Дінше дейтін. Иә, ол Дінше десе Дінше еді. Қазақтың тарихына, мәдениетіне, өнеріне, әдебиетіне, бүтін бір ұлыстың руханиятына өзіндік қолтаңбасын қалдырған Дінше еді бұл. Қазақтың ұлттық театрын құруға атсалысқан да, алғашқы директоры болған да осы Дінше еді ғой. Енді, міне, жалған жала жабылып, абақтыға қамалды. Қазақтың «Ердің жақсысы абақтыда» деген сөзі осындай асыл ұлдардың наққақтан нақақ кінә тағылып, темір торға тоғытылғанда айтылса керек-ті.

Дінше қанша жерден ышқынса да, айқайласа да, қабырғаны қос қолдап ұрмақ түгілі, темір есікті таңнан кешке дейін тепкілесе де оның сөзіне мәу деп жатқан ешкім жоқ. Бәлкім, арампиғылды тергеушілер оның әбден әлсірегенін, қиналғанын, тіпті өз-өзінен жынданып кеткенін күтіп жүрген шығар... Бәрі мүмкін... Қызылжағалылардан ондайды күтуге болады.

Ел үшін еңбек етіп жүріп, темір торға қамаламын деп ойлаған да жоқ шығар... Бүкіл арманы саналы ғұмырын қазақтың ертеңін кемел етуге арнау еді ғой. Сол жолға барын салып-ақ бақты. Ел ісіне де жастай араласты. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтармен рухтас, мақсаттас, ниеттес еді ғой бұл. Билік басына кеңес үкіметі келген соң алаштықтарға оларды мойындаудан басқа амал қалмайды. Бірақ оларға кешірім жасалғаны қайда?.. Сонда кешірім жасалғаны жәй көзбояушылық болғаны ма?..

Осындай сұрақтарға жауап іздеген Дінше ақиқатын Абайдың өлеңінен тапты.

Орнынан тұрмастан:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап», – деп оқи жөнелді. Абайдың көп өлеңін жатқа білетін ол данышпан ақынның қалай тауып айтқанына таңғалды. «Дәл айтқан» деп орнынан сүйретіле тұрегеліп, Міржақыптың «Оян қазағын» есіне алды. «Дулатов қалай дейтін еді» деп іштей күбірлеп, «Дінше, саған жату жарамасты» деп орнынан атып тұрып, босатуды талап етіп, қиғылық салды, бірақ нәтиже шықпады. Тек темір есіктің арғы бетінен орысша «жатшы-ей» деген сөз ғана естілді.

Иә, Абай ақын айтпақшы ешкімге сенуге болмайды екен ғой...

3 БЕТТЕ

Қайрат ӘБСҰЛТАНОВ, облыстық статистика департаментінің басшысы:

Облыста орташа жалақы – 303675 теңге

Жақында облыстық статистика департаментінің басшысы Қайрат Әбсұлтанов өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында брифинг өткізді. Онда облыстың экономикасында әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша оң өсім байқалатынын айтты.

– Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 102,1 пайыз, өңдеу өнеркәсібі – 128,9 пайызды құраса, құрылыс жұмыстарының көлемі – 120,4 пайыз. Негізгі капиталға салынған инвестиция – 118,4 пайыз, тұрғын үйлерді пайдалануға беру – 116,3 пайыз және көлік – 108,4 пайыз болса, сауда – 104,7% пайызға өскен. Биылғы жылдың 1 желтоқсанында 10736 заңды тұлға тіркелді. Оның ішінде 8755 нысан жұмыс істеп тұр. Тіркелген шағын және орта бизнес нысан саны өткен жылмен салыстырғанда 4,1 пайызға өсіп, 74 мың бірлікті құраса, белсенді шағын және орта бизнес нысан саны 5,4 пайызға өскен.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің көлемі бойынша 211,7 млрд теңгені құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,5 пайызға жоғары. Яғни өсімдік шаруашылығы - 139,2 млрд теңге немесе 103 пайыз, мал шаруашылығы - 68,2 млрд теңге немесе 101,6 пайызды құрайды.

Негізгі капиталға тартылған инвестициялардың көлемі 431 млрд теңгені құрайды, бұл өткен жылға қарағанда 18,4 пайызға жоғары. Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері шаруашылық жүргізуші нысандардың меншікті қаражаты болып қалады. Олардың көлемі 246 млрд теңгені құрайды. Инвестицияның өсуіне, тұрғын үйлердің құрылысы мен жаңғыртылуы, неке қию сарайының салынуы мен «Қорқыт ата» әуежайы терминалының құрылысы және жылу электро орталығы әсер етті. Сондай-ақ Қызылорда-Жезқазған автожолы құрылысы мен жолаушы және мектеп тасымалы үшін автобустардың сатып алу жұмыстарының нәтижесінде инвестиция өсуде.

Бүгінде құрылыс жұмыстарын жеке құрылыс мекемелері орындады. Құрылыс көлемі өткен жылға қарағанда 20,4% ұлғайып, 134 млрд теңгені құрады.

Өзара сауда бойынша биылғы жылдың қаңтар мен қазан аралығында Қызылорда облысы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара саудасы 78,1 млн АҚШ долларын құрады. Бұл өткен жылға қарағанда 2,1 есеге азайды, – деді Қайрат Байғабылұлы

Сонымен қатар биылғы жылдың III тоқсанында жұмыссыздар саны 16,6 мың адамды құрады. Статистикалық мәліметке сәйкес, биылғы жылдың 3 тоқсанында облыста орташа айлық жалақы – 303675 теңге. Бұл көрсеткіш экономикалық қызметтің барлық түрімен айналысатын ірі, орта және шағын кәсіпорындардан алынғанын жеткізді.

Қазіргі таңда еңбекақының ең жоғары көрсеткіші, таукен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу қызметі – 598754 теңге, ал ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы қызметтері саласындағы ең төменгі көрсеткіш 156094 теңге болып белгіленген.

Н.СЕРІКБАЙ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

«Белкөл» сабыны сұранысқа ие

Бүгінде тырбанып еңбек еткенге жұмыс көзі табылады. Қарманған қарап қалмайды. Еңбек етпесең, бақыт басын имейді. Бақыттың кілті тынымсыз іс істеп, бұйырған нәпақасын адал табуда. Мемлекеттік бағдарламаның игілігін де заман ағымына қарай тынымсыз ізденіп, іс бастағандар көріп отыр.

Соның бірі – белкөлдік кәсіпкер Майра Ізбасқанова. Кәсіпкер қазір кір сабын мен сым жуғыш жасап, оның шығарған өнімдері сұранысқа ие болуда. Ол кәсібін кеңейту үшін мемлекеттен грант алғысы келеді. Шаруасын шатқаяқтатпай, кәсібіне жан бітірген Майра өз кәсібін 2022 жылдың аяғында қолға алып, бизнес жоспарын сәтті қорғап шыққан. «Наурыз айында қажетті станок пен шикізат және өзге керекті заттар алуға 4 млн теңге жеңілдетілген несие алдым. Қазір сабынның үш түрін шығарудамыз. Қажетті шикізат Тараз, Шымкент және Алматы қалаларынан әкелінеді. Станок сағатына 500 сабын шығаруда. Белкөл мен Қызылорда қаласының кейбір дүкендері өнімді аздап алып жатыр. Сапасы өте жақсы. Алдағы уақытта өндірісті ұлғайтуға күш саламын» – дейді кәсіпкер.

– Негізі бұл істі қолға алуды жолдасым екеуміз карантин кезінде ойластыра бастадық. «Армансыз адам қанатсыз құс» демей ме? Сол арманымыз сәтті жүзеге асты. Жергілікті әкімдіктің мамандарымен де ақылдастық. Кәсіп бастау үшін 1,5 млн теңгеге станок сатып алдық. Қалғанына шикізатты тонналап алдық. Шикізат алыстан келетіндіктен бағасы қымбат болды. Иіс сабын, ағартқыш жасаудың технологиясын



да үйрендім. Құбырды майдан, зиян заттан тазалайтын ұнтақ та сатылымда. Сабын Белкөлде жасалып жатқаннан кейін сабынымыздың бетіне «Белкөл» деп жазып қойдық. Болашақта сұйық сабын да жасағым келеді. Дүкендерге бір-екі зат ұсынбай жуғыш құралдың алуан түрін өткізсем деген ойым бар, – дейді кәсіп иесі.

Кәсібін дөңгелетуге бет бұрған кәсіпкер мемлекеттік грант алғысы келеді. Себебі қолындағы қаржысын шикізат алуға жұмсаған. Бүгінде кәсіпті әрі қарай дамытуға қаражат жағы қолбайлау болып тұрғандығын жеткізді. Кезінде қала әкімі Асылбек Шәменов Белкөл кентінде халықпен кездесуде кәсіпкер өз мәселесін көтерген еді. Бұл жағдайға біз де куә болдық. «Менің көтерген мәселем аяқсыз қалмаса екен» дейді кәсіп иесі. Шынында, қалалық кәсіпкерлік бөлімі сол кезде берген уәдесінен қорытынды шығарса дейміз. Кәсіпкердің бұйымтайы орынды. Оның үстіне мемлекет қазір кіші бизнесті, ауылдағы кәсіпті дамыту үшін зор қолдау көрсетіп отыр.

Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА

СҰХБАТ

Бауыржан ҚАПТАҒАЙ, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ҚЫЗЫМДЫ ӨНЕР ЖОЛЫНА ЖІБЕРМЕГЕНІМЕ ӨКІНЕМІН

Бұл – театр актері Бауыржан Қаптағайдың сөзі. Сыр еліне ат басын бұрған қазақтың көптеген отандық телесериалдары мен фильмдеріне түскен, сахнада өнер көрсеткен танымал театр актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Қаптағай жақында Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрымен бірге гастрольдік сапармен Сыр өңіріне келді. Осы сәтті пайдаланып, театр тарланымен сұхбаттасқан едік.

– Аға, алдымен өзіңіз туып-өскен туған жер, өскен орта туралы айтсаңыз...

– Мен 1954 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, 19 партсъездегі таулы шың Хан тәңірінің түбінде дүниеге келдім. Әке-шешем орта шаруа адамдары болды.

– Өнер жолына қадамыңыз қалай басталды?

– Негізі мен ұшқыш болуды армандадым. Кейін медицинаға барсам ба деп ойладым және тағы да басқа сала маманы болғым келді. Бірақ сол мектеп оқып жүргенде өнер жағына көп араластым. Яғни ән айттық, Мұхтар Әуезовтің «Сарын» деген пьесасын 8-9 класста ауылға қойдық. Содан уақыт өте өнер жолына келдім.

4 БЕТТЕ

«Үздік педагог» атты республикалық байқаудың қорытындысы анықталды. Оған еліміздегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог мамандары қатысты. Оның ішінде Сыр өңірі бойынша 10 педагог таңдалып, республикалық байқауда бақ сынады.

СЫР ҰСТАЗДАРЫ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Алғашқы кезеңде аудандық және қалалық комиссия мүшелері үміткерлердің портфолиосын бағалау жұмыстарын жүргізсе, екінші кезеңде әр аудан мен қаладан 100 ұпайдың 80 пайызынан кем емес ұпай жинаған 10 қатысушы таңдалған. Кейін байқау өз мәресіне жетіп, үшінші кезеңге де келіп жетті. Республикалық қорытынды бойынша 64 педагог өз мамандығы бойынша жеңімпаз атанды. Салтанатты шарада оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев жеңімпаздарды құттықтап, сөз сөйледі.

– Мұғалім тек мамандық емес, жүректің таңдауы, жанның қалауы. Қай заманда болсын ағартушылар қоғамды ең құнды дүние – білімге жетелейтін көрнекті тұлғалар саналды. Педагогтардың жанкешті еңбегінің мәні осы. Жыл сайын мұғалімдер халықаралық аренада жоғары жетістіктерге жетуде. Кеше ғана жарияланған «PISA-2022» жаһандық рейтингінің нәтижесі де ұстаздарымыздың еңбегінің жемісі, – дейді министр.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен мұғалім мәртебесі 2019 жылы заң жүзінде бекітіліп, осыған сәйкес мұғалімдердің жұмысы заманауи тұрғыда жақсарып, жалақы мен үстемеақы және кәсіби даму мүмкіндігі жасалғанын жеткізді. Республикалық байқау жеңімпаздарына «Үздік педагог» куәлігі мен «Үздік педагог» төсбелгісін табыс етіп, 3450000 теңге көлемінде сыйақы берді.

Сыр өңірінен қатысқан үздік мұғалімдердің 5-і «Үздік педагог» атағын алды. Соның бірі – №3 ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің мұғалімі Әсел Пірмағамбетова ең алдымен ұстаз жолына қалай келгінін айтты .

– Жастайымнан ұстазымның мінезіне, адами болмысы мен даналығына және даралығына тәнті болып құрметтейтінмін. Бала кезден ұстаз болуды армандайтынмын. Бүгінде арманымды жүзеге асырып, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеймін. Сондай-ақ білімімді шыңдап, түрлі байқауға қатысып, жетістіктерге жетудемін. Осы жетістіктерімнің нәтижесінде мені республикалық байқауға ұсынды. Нәтижесінде «Үздік педагог» атағына ие болдым. Бұл жеңісім маған ерекше әсер сыйлады. Көзіме жас келіп, қатты толқыдым. Қаншама ұйқысыз түндер, жұмсалған энергия, қолға алған істің жақсы нәтижемен аяқталғанына қуандым, – дейді Әсел Пірмағамбетова.



«Үздік педагог» атағын иеленген екінші мұғалім Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Әсия Боранғұлова.

– Байқау өте жоғары деңгейде өтті. Себебі еліміздің түкпір-түкпірінен білікті мамандар қатысып, өзара сынға түсті. Бұл білім бәйгесінде заманауи технологиялармен қатар, білім үдерісінде инновациялық көзқарас пен ұстаздардың тәжірибесіне мән берілді. Сондай-ақ осы байқаудың арқасында әр өңірдің ұстаздарымен өзара тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік туды. Үздік атанған әріптестерімді құттықтаймын, – деді Әсия Боранғұлова.

Сондай-ақ № 4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында қызмет атқаратын жас мұғалім, үздік педагог атанған Жазира Тынымбек байқаудағы әсерімен бөлісті.

– Республикалық кезеңге Қызылорда облысынан 10 ұстаз барған едік. Барлығымыз сайыс тапсырмасына сәйкес, ашық сабақтар өткіздік. Ұстаздың кәсібилігі осы сабақтардан көрінді. Өйткені күнделікті өзіміздің шәкірттерге емес, бейтаныс оқушыларға сабақ бердік. Әрине, әр сабағымызды ерекше әрі өзгеше идеямен өткізуге барымызды салдық. Сабақ берудегі әдіс-тәсілдеріміздің қорытынды бағасын қазылар алқасы таразылады. Байқаудағы ең жас педагогтың бірі мен болдым. Десе де, үздіктер қатарынан көрінгеніме қуаныштымын, – дейді Жазира Тынымбек

Жалпы ел бойынша байқауға 961 мұғалім өтінім берген. Ондағы рәсім автоматтандырылған және ашық түрде өткен. Ал комиссияның құрамына үкіметтік емес ұйымдар, ата-аналар қауымының өкілдері, журналистер, белсенді педагогтар, білім және ғылым қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіподағының өкілдері қатысқан.

Н.АЛТЫН

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға, қазақ жанына үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», деп ақын Мағжан айтқандай білім ордаларының жай-күйі әркез маңызды. Бүгінде қалада ғасыр жасап, сан мыңдаған шәкірттің қанатын қомдаған киелі шаңырақтар бар. Солардың бірі Қараөзек бекетінде орналасқан №128 орта мектеп. Мектептің 1953 жылы іргетасы қаланып бүгінге дейін жемісті еңбек етіп келеді.

ЖЕТПІС ЖЫЛДЫҚ ТАРИХИ БАР МЕКТЕП

Айтулы мерейтойға орай ауылдың мәдениет үйінде «Тарихы терең алтын ұяма – 70 жыл» атты мерекелік кеш өтті. Шараға Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы Ерлан Теңізбайұлы, қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы Орынша Міржақыпқызы және Қызылөзек ауылының әкімі Сәкен Нысанұлы қатысты.

Биыл талай қыранды қанаттандырып, талай ұланды ұясынан ұшырған іргелі білім ордаларының бірі де бірегейі, №128 білім ошағына 70 жыл толып отыр. Ел тәуелсіздігінің қарсаңында аталып жатқан білім ошағының осынау айтулы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Тіршілікке еніп, өмір көшіне ілескен соң өз ортасынан орын алуға, білімнің шыңына шығуға, елінің тұғырын биіктетуге, үлес қосуға кімнің де таласы бар емес пе?! Ұлы Абай: «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» демекші, әр кірпіштің дұрыс әрі орынды қалануында білім ордасының алар орны ұшан-теңіз. XXI ғасырдың бәсекеге қабілетті ұрпағын тәрбиелеу жолындағы еңбектеріне шығармашылық шабыт, толағай табыс тілеймін, – деді Ерлан Теңізбайұлы.

1953 жылы қабырғасы қаланған ауыл мектебінің тарихы тереңде жатыр. 70 жылдың ішінде үлкен өмірге қадам бастырған білім ордасы өзінің түлектерін бүгінгі күні құшақ жая қарсы алуда. Осы елді-мекеннің талай ұлқызын білім нәрімен сусындатып, қолдарына қалам ұстатқан ардагер-ұстаздар да осы күні құрметке бөленді.

Шара барысында, ұстаздар қауымы қала әкімінің, қалалық білім бөлімі мен кәсіподақ комитетінің құрмет, алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар өнерлі өрендер ән айтып, жиналған қонақтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

ЕРЕКШЕ БАЛА ҚАЛАЙ БІЛІМ АЛАДЫ?

Соңғы жылдары мектепте ерекше балалар өзге балалармен бірге тең дәрежеде білім алуда. Бұл арнайы «Инклюзивтік оқыту» жүйесі бойынша жүзеге асады.

– Қазіргі таңда ерекше балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізіледі. Ерекше балаларда қоршаған орта туралы түсініктері тұрақсыз, қабылдау мүмкіндігі бұзылған, психикалық процестердің дамуында бұзылыстар бар. Бұл бұзылыстар ерекше балаларда сабаққа үлгермей, дағдылары мен танымдық процестерінде өзара ауытқушылықтарымен сипатталады. Мұндай психикалық дамуы тежелген оқушылардың танымдық дамуындағы ауытқулар оқу процесінде қиындықтар туғызады. Сондықтан оларға жеке тұлға ретінде қарап, сапалы білім беруге, қиындықтардың алдын алу үшін түрлі ойын әдістерін қолдану керек. Ойын баланың танымын арттырады. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Сондай-ақ түсінбегенін түсінуге мүмкіндік береді. Ал ерекше білімді қажет ететін балалармен өткізілетін нейро жаттығу баланың сөйлеуіне көмектеседі. Яғни осы нейро жаттығу кезінде олар ойланады, белсенділігі артып, қиялы мен шығармашылық қабілеті дамиды және ұжымдық сезімі қалыптасады. Олардың арасында қабілетті балалар да бар. Мәселен, бірі ән айтуға, сурет салуға немесе би билеуге қызығады. Бұл кезде қызығушылығы бар балаларды әрі қарай дамыту үшін педагог-психолог пен мұғалім жұмыс істейді. Білім берудің бұл түрі баланың өзіне деген сенімін арттырады. Айналасынан қолдау бар екенін және өзін қоғамның толыққанды мүшесі екенін сезінеді, – дейді балалар психологы Нұрайлым Жақсылық.

– Бұл ретте логопедтің де жұмысы маңызды. Логопед-дефектологтың көмегі ең бірінші балалардың бетінің тонусын анықтап алып, логопедтің арнайы массажы логомассаж жасалынады. Тыныс алуы қалыпты болуы үшін тыныс алу жаттығуларын жасаймыз және баланың миының екі жақты дамуына арналған арнайы нейрожаттығулар жасаймын. Қолының моторикасын және кейбір оқушыларымыздың саусақтары әлсіз болғандықтан, ұсақ қол моторикасын дамытамыз. Ал тілді дамытуда дыбыстарды дұрыстап жеткізе алмаса, дыбыстарды машықтандыру мақсатында жұмыс істейміз. Осылайша, оқушылардың ерекшеліктеріне байланысты балаларды шаршатпай және жалықпайтындай етіп сабақты жүйелі жүргіземін, – дейді логопед-дефектолог Аружан Орынбасар.

Ерекше балалар қалай білім алады?

– Ерекше балалардың әрқайсысының өзіндік диагноздары болса да, бағдарлама сәйкес сабақ уақыты 40 минутқа созылады. Әр оқушыға оқу бағдарламасына сәйкес сабақ жоспары жасалады. Бүгінде мұндай балалармен заманауи технологиялар арқылы біліктілікті арттыру курсынан өткен ұстаздар ғана жұмыс істей алады. Сондай-ақ балалармен заманауи үлгідегі құрал-жабдықтар мен «ЭдуКвест» құрылғысы, «Дельфа» логопедиялық тренажері және дефектолог кабинеті арқылы жұмыстар жүргізіледі. Аталған дефектолог кабинетінде мамандар ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға жеке сабақ кестесі бойынша білім береді. Ал балалар тез шаршап, жалыққан кезде оларды сергіту сәті мен ойын арқылы «Арт-терапия» түрлерін жасайды. Атап айтқанда, бейне терапия, музыка терапия, ертегі терапия мен құм терапиясы және ойын терапиясы жасалады. Одан бөлек, би-қозғалыс терапиясы мен мульти терапия арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылығын және белсенділігін арттырады, – дейді мұғалім Әзима Бауыржанқызы

«Инклюзивті оқу» жүйесі қандай нәтиже берді?

– Менің балам 2 сыныпта оқиды. Қазір жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Әсіресе өз ойын толық жеткізетін болды. Мамандар көмегінің арқасында анық сөйлейтін болды. Баламның осындай жетістікке жетіп жатқанын көріп, менде қуанамын, – дейді анасы.

– Ұлым Қасен дұрыс сөйлей алмайтын, сұрақ қойғанда мүлде жауап бермейтін. Тіпті тақпақ жаттай алмайтын еді, сөйлей алмаған соң уақыт өте тұйықталды. Кейін мамандардың кеңесіне жүгіндім. Қазір ойын емін-еркін жеткізе алады. Тақпақ, өлеңдерді қиналмай жаттайды. Сөйлем құрайды, – дейді анасы.

– Қызым Аделия 1-ші сыныпқа барады. Бұрын тұйық, ешкіммен сөйлеспейтін. Мамандарға көрсеткелі жақсы көңіл күйде жүреді. Тіпті мектепке барғанда сыныптас балалармен дос болып араласатын болды. Қызым мамандардың көмегімен әріптерді жазып, сандарды танып үйренуде. Жалпы сабаққа деген ынтасы артып келеді, – дейді Аделияның анасы.

Ерекше балаларда да қабілет бар. Ең бастысы, олардың қоғамнан оқшауланып қалмай, ерекше қамқорлыққа бөленгені маңызды.

Н.МҰҚАТАЕВА

МҰҒАЛІМДЕР ФЕСТИВАЛІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

№8 П.Д.Осипенко атындағы орта мектеп базасында химия, биология пәндері мұғалімдерінің қатысуымен «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының қалалық кезеңі өтті. Шараға қалалық білім бөлімінің әдіскері Гүлсая Амангелдіқызы қатысты.

Байқаудың мақсаты – педагогтардың шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуын және кәсіби өсуін ынталандыру, мұғалімдердің инновациялық тәжірибесін зерделеу және тарату. Конкурс нәтижесінде қатысушылар жүлделі орындармен және алғыс хаттармен марапатталды. Жүлделі I орынды №285 мамандандырылған мектеп-лицей интернатының химия пәні мұғалімі Салтанат Болатқызына бұйырса, II орын Абай атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің биология пәні мұғалімі Венера Алимова алды. Жүлделі III орын И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Айнұр Каирқұлова, Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Айгерім Сыздықова, Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі Ұлболсын Бекенова, М.Шоқай атындағы №187 IT мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Меруерт Айтбай сынды мұғалімдерге берілді. Ал Н.А.Ахмадеева атындағы №112 орта мектебінің химия пәні мұғалімі Ақбота Дүйсенова алғыспен марапатталды.

Сонымен қатар Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп базасында ағылшын және орыс тілдері пәндері мұғалімдеріне TEDX форматында «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының қалалық кезеңі өтті. Оған қалалық білім бөлімінің әдіскері Ғалия Ермағанбетқызы қатысты.

Мұғалімдер өздерінің шығармашылық бағытында тың идеяларымен бөлісіп, білім беру жолында оларды қолдануға ұсыныстар келтірілді. Конкурс нәтижесінде ағылшын тілі пәні бойынша «Baiterek School» жеке мектеп-интернатының ағылшын тілі пәні мұғалімі Айнұр Келдібай – I орын алса, С.Әлжіков атындағы №144 орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Айнұр Ердәулет II орын иеленді, С.Толыбеков атындағы №3 IT мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Нұргүл Жамалбекова III орынмен марапатталды. Ал орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша Б.Момынбаева атындағы №278 IT мектеп лицейінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Қарлығаш Махмұтова I орын алса, «Baiterek School» жеке мектеп-интернатының орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Гүлнар Серікболова II орын, Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектебінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Гүлімжан Жүсүпова мен С.Лапин атындағы №261 орта мектебінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Райхан Ешмаханова III орын иеленді.

А.НҰРЛЫБАЙ

АЖАЛ АУЗЫНДАҒЫ АҚИҚАТ



Босатуды талап етіп, қанша уақыт айқайлағаны, қабырғаны ұрғаны, есікті тепкілегені есінде жоқ. Айқайлап-айқайлап ешкім жауап бермеген соң тас еденге жатқанын біледі. Жатса да сан сұраққа жауап іздеп әлек. Іштей: «Мені кім сатуы мүмкін? Кімнің алдын кесіп кеттім? Кімге ұнамай қалдым? Неге бұлай?» деп ойланумен болды. Ойланып жатып, ұйықтап та кетіпті.

Ұйықтаған кезде ғана жаны тынышталғандай. Осы сәтте қасына достары мен ескі таныстары келгендей ме, қалай өзі?! Анадайдан қол бұлғап Қошке Кемеңгеров тұр. Кемеңгердің ұрпағының аты Қошмұхамбет болғанымен жұрт Қошке дейтін. Бұл – Алашқа аты мәлім Қошке. Ұлттық театр құрылғанда осы кісінің «Алтын сақинасын» сахналаған. Қазақ ұлттық театрының бастауында тұрған санаулы тұлғаның бірі. Дінше оны Қошмұхамбет деп те, Қошке деп те атайтын. Сағымдана көрінген бейнеге қарап – Қошмұхамбет, сенбісің? – деді. Ол болса мұны өзіне шақырып жатқандай. – Осы сенікі не жатыс? Театрдың ашылуы жақындады. Әртістердің дайындығын көрейік, – деді Қошке. «Көрсек, көрейік, әйтеуір кетейікші мына жерден» деген ол Қошкенің соңына ілесті.

Екеуі сағынысып-ақ қалыпты. Бір-бірін иықтан асыра құшақтаған олар нағыз достықтың үлгісіндей болып, Қызылорданың көшелерін аралап жүр. Әңгімелері де жарасымды.

– Бірден театрға барамыз ба?

– Жоқ, алдымен Смағұлға соғайық. Ақылдасатын шаруа бар деген.

– Ол кісі қайда екен?

– Бағана редакцияда күтемін деді.

– Қошке, айтшы, осы саған біздің астана ұнай ма?

– Әрине, бұл қазақтың ордасы, орталығы, бас қаласы емес пе?!

– Иә, Қошке, дұрыс айтасың! Бұл – қазақтың бас қаласы! Маған да Қызылорда ұнайды. Өйткені мұнда қыруар тірлік атқарылып жатыр. Бәрі елдің ертеңі үшін.

Екеуі осылай әңгімелесіп келе жатып, «Еңбекшіл қазақ» газетінің редакциясына қалай тез жеткендерін білмей де қалды. Смағұл Сәдуақасов бұларды күтіп отыр екен. Екеуін көргенде қуанып кетті. – Келдіңіздер ме? – деген ол орнынан тұрып амандасып, жағдай сұрасты. Мұнан соң төрде тұрған столға жайғасып кеңесті. Сөзді Сәдуақасов бастады.

– Біз тарихи кезеңнің бастауында тұрмыз. Ресми түрде театр ашып, спектакль сахналауға көп күш-қайрат кететінін білемін. Театрдың директоры ретінде таңдау сізге түсті, – деп Әділовке қарай бұрылды.

– Менен де басқа таланты, талапты азаматтар көп еді ғой... Бұл қалай болар екен? – деген Дінше өзіне артылған салмақтың жүгі ауыр екенін түсінетінін байқатты.

– Театрды кім басқарады деген сұрақтың жауабын табу үшін талай адаммен сөйлестім, пікірлестім. Сіздің атыңызды атап, алып шыға алатындығыңызды айтқандар көп. Бұл – менің шешімім емес, көптің таңдауы, – деп Діншенің мерейін бір өсіріп қойды.

– Дінше, бұл іске сен кіріспегенде кім кіріседі? Сенің қолыңнан келеді. Талантты, өнерлі азаматсың. Айтқаныңды орындатпай қоймайтын талапшылдығың да бар, – деп әңгімеге Қошке араласты.

– Шешім солай болса, орындаудан басқа амал жоқ. Сенім артқан екенсіздер, ақтауға тырысамыз, – деген Дінше – кімнің пьесасын сахналаймыз? – деп сұрады.

– Мен екеуіңізді арнайылап шақыртып отырғанымның тағы бір себебі бар. Ол – Қошмұхамбеттің «Алтын сақинасы». Таңдау осы шығармаға түсті, – деді Смағұл.

– Мәссаған! – деген Қошке таңданғаннан орнынан тұрып кетті. – Шынымен таңдау «Алтын сақинаға» түсіп тұр ма? Бұл бір керемет болды ғой. Смағұл, өзің айтқандай, нағыз тарихи сәттің бастауы деген осы болар, – деді.

– Екі досты қатар шақырғаныңның себебі осында жатыр екен ғой. Біріміздің шығармамыз сахналанады, біріміз театрға басшы боламыз, – деген Дінше – Құтты болсын! – деп Қошкенің қолын алды.

– Сіздер дайындықты бастаңыздар, мен газетке хабарландыру беру жағын ақылдасайын, – деген Смағұл бұл істі көпке созбау керектігін кесіп айтты.

– Нақты қай уақытқа жоспарланған? – деген Қошкенің сұрағына «алдағы қаңтарда» деп жауап қайырды.

Көп ұзамай газетке хабарландыру да шықты. «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы бастапқы сандарында: «Ғинуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік Ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр әртістері Кемеңгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оның соңынан – концерт. Демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр директоры Дінше», – деген хабарлама бірнеше мәрте жарияланды. Осылайша 1926 жылдың 13 қаңтарында сол тұста Қазақ елінің астанасы болған Қызылордада ұлт театры ашылды.

Спектакль біткен соң Дінше: «Бұдан соң кімнің пьесасын ойнатамыз?» – деді Қошкеге қарап. Ол болса: «Оны көпшілікпен ақылдасу керек қой, ал қазір орныңнан тұр» – деді. Дінше орнынан тұрып, айналасына қараса түсі екен. Алғашында қайда жатқанын білмей абдырап қалды. Қабырғаға ұрғаннан басы жарылып, қанап кетіпті. Самайдан аққан қан бетіне қатқан. Қолы да, аяғы да ауырып қалыпты. Тас қабырғаны сабалай ұрып, темір есікті аямай тепкеннен қол-аяғының оңып тұрғаны шамалы.

... Бір сәт өткен күнге көз жіберіп, ұлттық театрда атқарған ісін есіне түсірді. Сол тұста театрда сахналау үшін пьесалар бәйгесін жариялап еді. Ол үшін арнайы комиссия да құрылды. Оның құрамында ағарту халкомы Смағұл Сәдуақасов, өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ораз Жандосов, орыс театрының режиссері Михаил Насонов, ақын-жазушылар Бейімбет Майлин, Молдағали Жолдыбаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов бар еді. Бәйгеге 3 перделі «Исатай батыр» деген тарихи драма», «Шернияз» атты 4 перделі қарақалпақ тұрмысына арналған драма, сондай-ақ 3 перделі, 6 суретті және прологы мен эпилогы бар «Қаракөз» атты драма келді. Дінше бұларды да сахнаға шығарды. Тіпті әртіс жетпегендіктен сырттан да шақырғаны бар. Қарап отырса, тұңғыш ұлт театры аптасына бір-екі пьеса сахналапты. Деңгейін көтеру үшін сахна шеберлерінің өз ішінен жекелеген спектакльдердің режиссерлерін тағайындап отырғаны есіне түсті. «Қаракөзді» сахналау үшін режиссерлікті Орынбордан келген Серке Қожамқұловқа, «Шерниязды» Ташкент сахналарында тәжірибе жинаған Құрманбек Жандарбековке тапсырды. Смағұл Садуақасов төрағалық еткен Ағарту халкоматы алқасының мәжілісінде де баяндама жасады. Бәрі-бәрі көз алдынан кинолентадай өтіп жатыр. «Ұмытпасам 1926 жылғы 11 ақпан болатын» деп алқа мәжілісінің өткен күнін есіне түсірді. Дәл осы жиында театр жұмысы жақсы бағаланып, «Қазақ мемлекеттік академиялық театры» атауы берілсін деген қаулы алынған. «Е-е-е, ол күндер енді оралар ма?» деген Діншенің ойын «Әділов, сыртқа шық» деген сарбаз сөзі бөліп жіберді.

***

Басы 1-бетте

Дінше тергеушінің алдында отыр. Қолын отырған орындығына артқа қайыра байлапты.

– Саенконың таяғын әбден жеген шығарсың? Мен одан да қаталмын. Сол себепті де әр сұрағыма бірден жауап бер, – деді Павлов.

Діншенің ойында сан сауал тұр. «Бұл не сұрайды? Саенко деген Қазақстанда, ал мынау Мәскеуде отыр ғой... Қабағы да қатулы сияқты ма, қалай өзі? Мейлі, Саенко ма, Павлов па, бәрі тергеуші емес пе? Жұмысы тергеу, кінә тағу, айыптау ғой... Бұл не көрмей жүрген бас. «Үш күннен соң тозаққа да үйренесің» дегендей, мұны да көре жатармыз», – деп іштей тынып отырған Діншенің ойын тергеуші бұзды.

– Әділов, – деді ол қатқыл дауыспен. Қалың ойда отырған Дінше өзінің фамилиясын атаған тергеушіге мән де бермеді. Екінші рет барып «Әділов» дегенде ғана тергеушіге бұрылды. Онда да үндеген жоқ, тек «не сұрайсың?» дегендей сұраулы жүзбен тесіле қарады.

– Алашорда туралы не білесің?

– Ештеңе.

– Өтірік айтпа.

– Онда сұрама.

Екеуінің арасындағы диалог осылай басталды. Қойған сұрағына бірден жауап ала алмаған Павлов баскиімі мен кителін шешіп: «Қазір мен сені басқалай сайратамын», – деп ұра бастады.

Қараңғы бөлме. Жалғыз ғана лампочка. Не терезесі, не сәуле түсірер саңылауы жоқ. Есіктің ашылып-жабылғанының өзі жүйкеге тиеді. Осындай тар қапаста тергеліп жатқан Діншені Павлов аяр емес. Іштен де, бүйірден де, беттен де, бастан да ұрды. Қолмен де ұрды, таяқ та пайдаланды, теуіп те жатыр.

– Алашорда туралы не білесің?

– Ештеңе.

– Шынынды айт.

– Білмеймін дедім ғой.

– Бөкейханов сендерді кеңес үкіметіне қарсы қойды ма?

– Жоқ.

– Байтұрсынов ше?

– Жоқ.

– Дулатов ше?

– Жоқ.

Павлов Діншенің оңай берілмесін түсінді. Сөйтті де қасындағы екі нөкеріне: «Мынаны қалай да сөйлетіңдер» деп сыртқа шығып кетті. Бағанағы Павловтың ұрғаны ұрған ба, бұл екеуі одан да өтті. Есінен таңғанша тепкіледі. Бір кезде мұздай су шашып, есін жинатты. Қараса Павлов тергеу бөлмесіне қайта кіріпті.

– Ал, Әділов, енді жауап беретін шығарсың?

– Бәрібір ештеңе де айтпаймын.

– Айтасың. Айтпай қайда барасың?..

– Мен ештеңе білмеймін дедім ғой.

– Білесің. Алдымен мынаны айтшы, Қожанов туралы не білесің?

– Ештеңе.

– Кемеңгеров жайлы ше?

– Ештеңе.

– Зәки Уәлидиді танисың ба?

– Жоқ.

Тағы да жауап ала алмады. Тағы да соққының астына алды. Ұрды, тепті, аямады. Дінше тіс жарған жоқ. «Білмеймін, ештеңе» дегеннен артық жауап қайырмады. Ұра-ұра орнынан да тұра алмай қалды. Есін жиса камерада жатыр. Тағы сол тас еден, тас қабырға, темір есік. Кешегідей есікті тепкілеуге, қабырғаны ұруға шама жоқ. Денесінің барлық жері ауырып жатыр. Сүйегінің бері сынғандай. Әрең тыныстап, әзер демалады. Қиналып, зорға дегенде ұйықтады. Түсіне Кенесары ханның қолбасшыларының бірі болған атасы Мыңжасар еніп, «балам, мықты бол!» деп еді. Павлов болса күнде тергеп, күнде тепкінің астына алады.

– Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы!» қандай шығарма?

– Білмеймін, оқыған емеспін.

– Жұмабаев жайлы айт. Оның өлеңдері сендерге рух беріп, кеңес үкіметіне қарсы қойғаны рас па?

– Қып-қызыл өтірік.

– «Бірлік» ұйымына мүше болдың ба?

– Оны қайтесің?

– Алаш партиясының мүшесі болдың ба?

– Бәрібір ештеңе айтпаймын.

Жауап ала алмаған сайын ызалана ұрады. Күн сайын түрлі айла қолданып әлек. Суға тұншықтырып, өледі-ау дегенде басын шығарып, қайта батырады. Қолын үстелдің үстіне қойып, таяқпен ұрады. Темірді отқа қақтап, көзінің алдына тірейді. Әйтеуір көрмеген қорлығын көрсетеді. Осылай әбден қиналған Діншені тергеушілер күн сайын камераға сүйретіп әкеп тастайды.

Күн артынан күн өте берді. Қанша уақыт тергелгенін Діншенің өзі де ұмытып қалды. Күндіз бе, түн бе, ол жағы да беймәлім. Жендеттер әдейі ұйықтатпай түнде де тергейді. Енді есін жия бергенде қайта таяқтың астына алады. Содан Дінше тергеушіге ешкімге зиян келмейтіндей етіп, жауап беруге бел буады.

***

Павлов пен Дінмұхамед Әділов бір бөлмеде отыр. Әдеттегідей Павлов тергеп жатыр, Дінше жауап беруде.

– Қай жерде өмірге келдің?

– Қазақстанда.

– Нақты айт.

– 1900 жылдың 13 қарашасында Ақмола уезіне қарасты Шу болыстығында өмірге келдім.

– Дұрыс. Осылай әр сұрағыма нақты әрі дәл жауап бер.

– Алашорда туралы не білесің?

– Ешкімге зияны жоқ, тек елдің ертеңі дұрыс болсын деп ойлаған азаматтардың құрған партиясы еді.

– Сен Алаш партиясының құрамында болдың ба?

– Иә.

– Алаш партиясының құрамында қандай қызмет атқардың?

– Алаш партиясының Ақмола облыстық комитеті мүшелігінде болдым.

– Ы-ы-ы, айт, айта түс. Біз сені сөйлетеміз дедім ғой. Әлихан Бөкейханов туралы не ойлайсың?

– Елге сыйлы, жұртқа қадірлі адам.

– Байтұрсынов ше?

– Ол да.

– Дулатов ше?

– Ол да.

– Әділов, сен сөзден тайқақтамай дұрыстап жауап бер.

– Байтұрсынов кеңес үкіметіне қарсы жұмыс істеді ме?

– Жоқ. Ол кісі – ғалым. Ғылыммен, оқытушылықпен, кітап жазумен айналысты.

– Дулатов туралы не ойлайсың?

– Міржақып Дулатов – ақын. Есеп-қисапқа негізделген оқулық жазған. Қазақ тарихындағы ең алғашқы роман жазған қаламгер.

– Сен бәрін мақтап жатсың ғой.

– Мен тек шындықты айтып жатырмын.

Жауап алу кезінде басқалай айла қолдану керектігін түсінген Павлов: «Жарайды. Бүгінге осы да жетеді. Камерасына апарып тастаңдар», – деп жендеттеріне тапсырма беріп, келесі тергеуде қандай сұрақтар қоятынын ойлана бастайды.

***

Павлов кабинетін ары-бері кезіп жүр. «Қандай сұрақ қойсам екен?», «Өзі сөзден жаңылмайтын неме екен. Тұзаққа қалай түсірсем болады?» деп көп ойланды. Ақыры, істеген жұмысы, атқарған қызметі жайлы сұрауға көшті. «Дұрыс. Осылай істеу керек» деген тергеуші нөкерлеріне Әділовті әкелуді тапсырды.

– Қалай, Әділов, тергеуді кешегідей жүргіземіз бе? Мен сұраймын. Сен жауап бересің.

Тергеушінің бұлай қулана сөйлегенінен «сұраққа жауап берсең, ұрмаймыз» дегенін Дінше түсінді. Ол да қулыққа көшкенді жөн санап отыр. Кешегідей ешкімге зияны тимейтін жауаптар айтады. Иә, Діншенің ойы – осы. Ешкімге зиян тигізбеу.

– Сенің жеке іс парағыңа үңілсек, бір кездері «Бірлік» деген ұйымда болыпсың. Рас па?

– Рас.

– Сонда ол қандай ұйым.

– Омбы қаласында құрылған қазақ жастарының ұйымы.

– Қарай гөр, өздерін. Қазақ жастырының ұйымы дейді ғой. Сонда немен айналыстыңдар?

– Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды бастырып шығаруды мақсат тұттық.

– Солай де.

– Ташкентте не істедің? Зәки Уәлидимен қатынасып тұрдың ба?

– Жоқ. Ташкентте оқытушылықпен айналыстым.

– Алматыда ше?

– Жетісу облыстық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқардым.

– Қызылордада ше?

– Театрды басқардым.

– Кімдермен араластың?

Бұл сұраққа келгенде Дінше тосылып қалды. Араласқан, қызметтес болған кісілердің есімін атаса болды, олардың да тергеуге ілігетінін жақсы біледі. Не істеу керек? Қалай жауап береді? Тергеуші болса «Ә-ә-ә, қолға түстің бе, бәлем? Сөзден жаңылмайтындай болып отыр ең, енді көрсетемін саған» дегендей тесіліп қарап тұр. Дінше де одан көзін алар емес. Екеуі бір-бірімен көз атысып, арбасып тұрғандай. Жанарын басқа жаққа бұрса болды, тергеушінің күдігі күшейе түсетінін, сұрақты одан бетер орағытатынын түсініп отыр. Таяқтауы да мүмкін. Оны қойшы, қанша уақыттан бері тергеліп, тепкінің астында келе жатыр ғой. Денесіне батқан таяқты көтеріп келеді, ал мұның кесірінен басқалар зардап шексе ше? Оған Діншенің жүрегі төзбейді. Кеудесіндегі жұдырықтай ет жүрегі от болып лаулап, екі көзден жас орнына қан ағып, ол жанартаудай атқылауы мүмкін. «Жоқ, ешкімнің атын атауға болмайды» деді іштей. Оның ойын тергеуші көзден оқып отырғандай «Басқаларды сатқың келмейді ә» деп сұрақты төпелете бастады.

– Қызылордада Қожановты көріп тұрдың ғой.

– Иә, бір қалада жұмыс істедік. Арасында жиналыстарда көргенім бар.

Сұрақты құйтырқылана қоюды жөн санаған Павловтың қулығына құрық бойламайтын еді. Іштей «Ә, Әділов, бір қалада жұмыс істедік дедің ғой. Ұсталған жерің – осы. Енді сұрақты мүлде басқа қырынан қояйын» деп, Діншені айналып жүр. Алды-артына қайта-қайта қарауға мәжбүр болған Дінше тергеушінің енді қандай сұрақ қоятынын білмейтін еді. Тергеуші ешкім күтпеген сұрақ қойды.

– Ақмешітті Қызылорда деп Қожановтың атағаны рас па?

– Рас.

– Нақтырақ айтып берсең. Қызылорда 1925 жылғы съезде ойлап табылған атау ма, әлде оған дейін ойластырылған ба?

Тергеушінің бұл сұрағына Әділов бірден жауап берген жоқ. Іштей ойланды. Үнсіздік созылған сайын тергеушінің қысымы да күшейіп барады. «Ә-ә-ә, бұрыннан ойластырылған болды ғой. Білген едім, білдім ғой мен. Сезетінмін. Бәсе, қалай аяқ астынан қазақтар елордасын қызыл астана етті деп жүрсем, Мәскеудің ойын басқа жаққа бұру үшін осылай істеген екен ғой» деп тістеніп сөйледі. Бұған Дінше шыдамады. Қалай шыдасын, тергеуші қарадай қарап, бүкіл Қазақстанға жала жауып отыр ғой. Содан 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабы есіне түсіп, соны айтты.

– Жоқ, – деді ол. – Бұл атаудың қалай шыққанын мен білемін. Өйткені 1925 жылғы съезге қатысқанмын. Ақмешіттің атауын өзгерту туралы ұсыныс айтылғанда да бармын.

– Не дейді? Ұсыныс... Ол қандай ұсыныс тағы?

– Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңыркожа Қожықов ойлап тапты.

– Қожықов ойлап тапса, неге Қожанов айтты дейсіңдер?

– Қожықов ойлап тапқанымен пленумда сөз алып, көпшілікке ұсынған Қожанов еді.

– Солай де.

– Қызылорда атауын пленум мінберінде көпшілікке ұсынған Сұлтанбек Қожанов екенін көпшілік жақсы біледі. Бұл жасырын дүние емес.

– Сол съезге Байтұрсынов пен Бөкейханов қатысты ма?

Бұл сұрақ та Діншеге оңай тимеді. «Ойлан, Дінше, енді қалай жауап бересің?» деді іштей өзіне-өзі сұрақ қойып. Келгені рас қой. Тіпті Қызылорда деген атауға разы болған еді ол кісілер. Қос қатпарлы мағына беретін атауға кеңес билігі ешқандай артық әңгіме айта алмап еді ғой. Ресми құжаттарда қырғыз аталып келген ұлт атауын да осы съезде қайтарған жоқ па?! Бұны да Қожанов мінберде көтерді. Ұлт атауы да, астана атауы да бірден бекітілді. Жүрегі қазақ деп соғатын әрбір адам қуанып еді сол кезде. Қалың ойға шомған Әділов: «Ойлан, Дінше, ойлан» деп іштей қайталап отырды. Бір кезде барып есіне түсті. Байтұрсынов пен Бөкейханов келсе де ешқандай құжатта көрсетілген жоқ қой. Олар еш жерге тіркелген жоқ. Олардың 1925 жылғы съезге қатысқанын дәлелдейтін бірде-бір құжат жоқ. Осыны есіне түсірген бойда бірден жауап берді.

– Бөкейханов пен Байтұрсынов 1925 жылы өткен Қызылордадағы съезге қатысқан жоқ.

– Шын айтып отырсың ба?

– Иә.

– Енді берген жауабыңды растап, мына жерге қол қой, – деген тергеуші Әділовке қағаз ұсынды.

Дінше қағазға жазылғанды көргенде шошып кетті. Талай адамға жала жабылған қағазға қалай қол қояды. Одан да өлгені артық. «Жаным арымның садағасы» дейтін ұлттың ұрпағы емес пе?!

– Жоқ, мен бұған қол қоя алмаймын, – деді бірден.

– Неге қоймайсың? – деді Павлов.

– Өйткені мынау қып-қызыл жала, өтірік, – деді ызалана.

– Қайдағы өтірік. Бәрі өзіңнің айтқаның. Біз басқа ештеңе қосқан жоқпыз, – деді тергеуші алара қарап.

– Мен мұндай сөз айтқан жоқпын. Айтқан да емеспін. Сендер менің айтқанымды жазыңдар, сол кезде барып растаймын, – деді Дінше.

– Ех-х-х, Әділов, өзіңнен көр, – деген Павлов оны тепкілей бастады.

Қалай ұрса да болмады, Дінше басқаларды қаралауға көнбеді, қол қоймады. Әділовті тергеушілер бірнеше күн сабады. Ол басына тиген соққының әсерінен, неше күннен бері ұйқы көрмегендіктен не істеп, не қойғанын білмейтін халге жетті. Иә, Діншенің бұл күйі, бұл ахуалы өте аянышты еді. Сонда да берілмеді. Кеудеден жан шықса да сатқындыққа бармауға бекіді. Ақыры, тергеушілер бос параққа қол қойдырып, сол арқылы Діншені де, басқаларды да одан бетер азаптауға көшті. Абақтыда отырған Дінше тергеушілердің озбырлығына әбден күйініп:

«... Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!
Алаштың адамының бәрі мәлім:
Кім қалды таразыға тартылмаған? – деп Ахмет Байтұрсынов-тың өлеңімен жауап та берді. Олар мұны түсінбеді. Жүректен шыққан сөзді жүрегі барлар ғана ұғады ғой...

Түпкі ойлары ату, құрту, жою болғандықтан Дінмұхамед Әділовке «халық жауы» деген жалған айып тағылады. Қайраткер Әділов «Алаш ісі» бойынша атылған алғашқы он үш адамның бірі еді. Өлім жазасына кесілгенін біліп тұрса да Дінше тайсалмады. Енді қайтсін, жалған жаламен күйіп барады. Оның ақиқаты бір бөлек, тергеушінің «шындығы» мүлдем басқа. Ажалмен бетпе-бет келгенде де түбінде шындықтың үстемдік құратынын білді. Ол шындықты келер ұрпақтың ашатынын сезіп, ертеңгі жастарға сенді. Мылтықтан оқ атылып, кеудесіне тигенде де:

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!» – деп Мағжанша тебіренді.

Діншенің шындығы, ажал аузындағы ақиқаты осы еді. Не бары 30 жасында жалған жаланың құрбаны болған Діншедей Алаш арысының аманаты еді бұл. 1931 жылдың 21 сәуірінде атылған Дінмұхамед Әділовті қорқаулар Мәскеудегі Ваганька қорымына жасырын жерлеген. Ешқандай кінәсі болмаған қазақтың Діншесі 1988 жылдың 4 қарашасында ақталып, тарих бедеріне қайта шықты.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ИГІЛІК БАСТАУЫ – ЖАҢА КӨПІР

Бұған қоса Қызылорда қаласында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі ашылып, жергілікті тұрғындарға тарту етілді.

Құны 268,1 млн теңгені құрайтын Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысындағы жаяу жүргіншілер көпірі енді елдің қажетін өтейтін болады.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Данияр Жаналинов, қала әкімі Асылбек Шәменов қатысып, ізгі лебізін білдірді.

– Сыр өңірінде жыл көлемінде жаңа нысандардың іргетасы қаланып, көптеген ғимараттар халық игілігіне пайдалануға берілуде. Бүгін мінекей, тұрғындардың сұранысына сәйкес теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы аяқталып, тәуелсіздік мерекесіне үлкен тарту болды. Сапалы жаяу жүргіншілер көпірін салған мердігер «Гүлнұр МК» ЖШС-не барша сырбойылықтар, оның ішінде Қызылорда қаласының тұрғындары атынан ризашылығымды білдіремін. Баршаңызды мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!, – деді облыс әкімінің орынбасары.

– «Мен КБИ шағын ауданында тұрамын. Көбінде балаларымыз, арғы беттен қатынайтын тұрғындар темір жолды кесіп өтіп, қиындыққа тап болып жүргенін байқаймыз. Әсіресе балаларымыз өткенде жанымызды шұберекке түйіп отыратынбыз. Бұл көпірдің салынуын көптен армандап жүргенбіз. Міне, бүгін тәуелсіздік мерекесіне орай пайдалануға беріліп, көпшілік алғыс айтуда. Енді біз қиындықты артқа тастадық. Алла қаласа жаңа көпір игілігімізге қызмет етсін» – деді ол.

Қала тұрғындары үшін жағымды жаңалық «Қызылжарма» каналы арқылы Бәйтерек шағын ауданына өтетін жаңа көпір жақын күндері пайдалануға берілмек. Ал келер жылы Жанқожа батыр көшесі арқылы темір жол астынан өтетін автожол құрылысы басталады.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

Тәуелсіздік күні мерекесі қарасаңында өңірде облыстық каратэ-до және күрес өнері федерациясының ұйымдастыруымен спортшылар арасында каратэ-до-дан қалалық ашық турнир өтті. Оған 6-15 жас аралығындағы 260 спортшы қатысты.

ҮЗДІК КАРАТЭШІЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Еңбек ардагері Жақсылық Зимановты еске алуға арналған шараға «Аквалайн» ЖШС демеушілік көрсетті.

Жарыстың қорытындысы бойынша Байқоңыр қаласы 50 медальмен 1-орынды жеңіп алды. Ал екінші орынды иеленген «Сарбаз» клубы 13 медаль алса, қалған №5 спорт мектебі 11 медальмен 3-орынды иеленді.

Осыған сәйкес төрешілердің шешімімен Ким Ева «Ката бағдарламасының үздігі» атанса, Еңлік Сәбит «Кумитэ бағдарламасының үздігі» болды.

Ұлдар арасында өткен командалық кумитэ сайысы бойынша 1-орынды Қажымұқан спорт клубы жеңіп алды. Ал қыздар арасындағы сайыста №2 спорт мектебі жеңіске жетті.

Бауыржан ҚАПТАҒАЙ, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ҚЫЗЫМДЫ ӨНЕР ЖОЛЫНА ЖІБЕРМЕГЕНІМЕ ӨКІНЕМІН

Бірақ мен кейінірек келдім. Себебі мектепті бітірген соң әскерге бардым. Одан келген соң жол апатына ұшырадым. Кейін 1976-1980 жылдары аралығында Қазақ мемлекеттік Темірбек Жүргенов атындағы театр және кино институтын бітіріп, 1980 жылы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актерлік құрамына қабылдандым. Белгілі актер Асқар Тоқпанов, Асанәлі Әшімов және Нұрмұхан Жантөрин осы үш кісіден сабақ алдық.

– Өнер – киелі. Бұл кез келген адам үйреніп не оқып алатын мамандық емес. Ең алдымен Құдайдың берген таланты болуы тиіс. Осы пікірмен келісесіз бе?

– Өнерге келгеннен кейін өз ішкі ойыңмен таланттымын деп келесің. Бұл енді таланттысың ба, жоқ па әйтеуір, адамның өзі армандаған дүниесі ғой. Десе де бір жақсы қағида бар. Ол – еңбек 99 пайыз, оның 1 ғана пайызы талант. Қандай мамандық болса да барлығы осы еңбекке байланысты. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген. Еңбек етсең үлкен дүниелерге жетуге болады. Жалпы өзім мен бұл салаға актер болсам екен деп армандап келдім.

– Сіздің ойыңызша сахна мен кино әлемінде қандай ерекшеліктер бар?

– Ерекшелік көп деп айтады. Дегенмен кино әлемін ұстап жүргендер театрдың актерлері. Оны мойындау керек. Киноны көтеріп жүрген қыз-жігіттер сол театр мектебін оқығандар. Сонау заманнан бері Қыз-Жібек, Шоқан Уәлиханов тағы да басқа рөлдерді сомдаған Ыдырыс Ноғайбаев, Әнуар Молдабеков ағаларымыз, тіпті кейінгі кезде киноға түсіп жүрген жас жігіттердің барлығы осы театр мектебін бітіргендер.

Жалпы театр мен кинода айырмашылық бар. Мәселен, адам театрда спектакльді нашар ойнап қалса немесе өзің қалағандай болмаса оны кейінгі қойылымда түзетіп алуға, жақсырақ ойнауға болады. Ал сериалға түскенде сағат таңғы 4-те барасың, күндіз-түні түсірілімде жүресің. Кейде түнгі 1 де аяқталса, енді бірде таң атқанша жұмыс істейсің. Міне, осындай қиыншылықтары болады. Бірақ өнерге келгеннен кейін қиыншылықты айта беруге болмайды. Өйткені ол өзіңнің таңдаған мамандығың, соның арқасында нан жеп, отбасыңды бағып және балаларыңды киіндіріп отырасың. Сондықтан іштей қиыншылық болса да сыртқа білдірмеу керек.

– Сіздің жаныңызға театр сахнасы жақын ба, әлде кино әлемі ме?

– Мен негізі театр актерімін. Өзімді ешқашан кино актерімін деп есептемеймін. Оқу бітіргенде бізге театр және кино актері деп бөледі. Біз киноға көп түсе бермейтін қазақпыз. Енді шақырған жерге барасың, түсесің. Бірақ театр өзіме жақын. Себебі театрда жүргеніме 43 жыл болды.

– «Кино ұлтты тәрбиелейді» деген сөз бар. Кейінгі кездері түсіріліп жүрген қазақ киносына көзқарасыңыз қалай?

– Шын мәнінде жамандауға болмайды. Қазір жақсы режисерлар шықты. Енді олар бірден үлкен нәрсені жасауы мүмкін емес. Ол театрда да сондай, қандай мықты талантты

Басы 1-бетте

режиссер болсаң да бәрі бірден бола қоймайды. Өздеріңізге белгілі, кино саласы кішкене артта қалып қойды. Бұрынғы мықты режиссерлар кетіп қалды ғой, бірақ Құдайға тәуба қазір жақсы режиссерлар шықты. Олардың ойы бөлек, мына заманға байланысты түсіру, заманның кемшілігі мен артықшылығы соның барлығын ойластырып жүрген жігіттер. Қазір мен кішкене болса да әр режиссермен жұмыс істеп жүрмін. Соларға көңілім толады. Жақында жаз бойы Таллинде түсірілімге бардым. Онда Қырғызстанның Руслан Акун мен Эстониядан Артур есімді режиссерлармен жұмыс істедім. Осы Қырғыз режиссерлары қазақ актеры мен режиссерларын көп мойындайды. Тіпті қазақтың режиссер, актерларымен сұхбаттасып, бірге жұмыс істесем деген ойға келеді екен. Сол себепті кино мәселесін айта беруге болмайды деп ойлаймын. Қазір жаман емес, түрлі жанрда жастарға үлкен сабақ болатын бірнеше сериядан тұратын сериалдар түсірілуде.

– Өзіңіз сомдаған рөлдердің ішінде ұнамайтыны бар ма?

– Ондай мәселе болмауы мүмкін. Қанша адам жақсы немесе жаман ойнасаң да өзіңе берілген рөл міндетті түрде өзіңнің ішіңнен шыққан балаң секілді болады. Тіпті үлкен, кіші рөлдің өзін сомдау да балаң сияқты, оны айтып жеткізу мүмкін емес. Актер ретінде мен айта алмаймын. Мен қанша жаман ойнасам да, оны тек халық қана сынап айта алады. Енді біреуі түсінбей ойнаса, келесі адам түсініп ойнауы мүмкін. Бірақ осы жердегі басты мәселе – адам өз ісіне міндетті түрде адал болуы керек.

– Кейіпкеріңіздің тағдыры сіздің өміріңізге әсер еткен жағдайы болды ма?

– Актер адам таңдамайды. Ол өзіне қандай рөл берілсе, сол дүниені міндетті түрде ойнауы керек. Соның ішінде әр рөл адамның өміріне әсер етеді. Мәселен, бір кісілер «Мен Мұқағалидің өлеңін оқып, содан жазылдым» деп айтады. Сол секілді сахнаның да өз құдыреті бар. Кейде ауырып келсең, ауруыңды жазып, ұмыттырып жібереді. Бұл әр актердің басында болады. Тіпті 40-45 градус болып тұрып сахнаға шықсаң да өзіңнің жазылғаныңды білмей қаласың, бірақ артынша сол ауруыңмен қайта ауруың мүмкін. Менің ойымша әр жасаған дүниең, ойнаған рөлің өміріңе тікелей әсер етеді. Бұл – керемет нәрсе. Актердің бақыты деген сол.

– Сіз бүгінге дейін бірнеше киноға түсіп, түрлі образды сомдап келесіз. Соның ішінде «осы бір рөлді мен сомдауым керек еді» деген кездер болды ма?

– Әрине, үлкен рөл ойнасам деп армандайсың. Мен ондай үлкен рөлге түскенім жоқ, бірақ Әлихан Бөкейхановты ойнадым. Бірақ соны әрі қарай жалғастырып түсірсе екен деген ішкі ойым болды, алайда оған қаражат мәселесі шешілмегендіктен жалғасы түсірілмеді. Кейін енді түсіріле жатар, мен түсем бе, әлде басқа адам ба, әйтеуір соны қазақ баласы әрі қарай жалғастырып түсіреді деп ойлаймын. Арман деген театрда да көп. Алайда жасым 70-ке келгендіктен армандаудың қажеті жоқ. Қазір Қозының рөлін немесе Шоқан Уәлихановты сомдаймын деп айтпаймын ғой. Адам әр рөлден көп нәрсе үйренеді. Мәселен, жүріс тұрысыңа, мәдениетіңе, сөйлеу мәнері мен үй-ішіңе және балаларыңа көп тәрбие береді. Яғни тәрбиелік мәні зор.

– Ұсынған рөлден бас тартқан кезіңіз болды ма?

– Ондай болмайды, мүмкін емес. Ондайды естігенім жоқ. Енді біреулер шамасы келмей немесе болмысына қарап «осыны мен орындай алмаймын, таяқ жеп қаламын-ау» деп айтуы мүмкін. Алайда берілген рөлден бас тарту деген ол актерға жараспайды. Егер қолдан келмесе оны алдымен режиссер қарайды «кешіріңіз, сіздің қолыңыздан келмейді екен, сіз бәлкім, мына рөлді аларсыз» деген әңгімелер болуы керек. Ал актер ретінде мысалы, маған Әл-Фарабидің рөлін берсе мен міндетті түрде күні-түні жақсы жағына қарай шығаруға ұмтыламын.

– Түсірілім барысында қызықты оқиға болды ма?

– Қызықты оқиғалар көп болады. Соның ішіндегі ең қызығы көлемді мәтіндер беріледі ғой, содан мен мысалы, адаспай жаңылмай айтып шықсам, екінші адам жаңылса бар ғой, бітті үшінші адам да жаңылады. Ал біліп тұрған менің өзім де жаңылуым мүмкін. Ол өзі сондай дүниелер ғой. Тіпті ұйықтап қалған кездерім де болды. Алғаш «Ақырғы аманат» киносының түсіріліміне барып түстім, ол кезде маған он күндей түсесіз деді. Мен оны түсінбей, сол түсірілім болған күні Алматыға жүретін бір машина тұр екен, соған мініп кетіп қалдым. Ал түстен кейін съемка болатын болған. Ол кезде телефон жоқ, менің үйімді әрең тауып, «Сіз не деген адамсыз?» деді, мен «қайдан білейін бір рет түскеннен кейін съемка аяқталды деп ойладым. Он күн дегеніңді қайдан білейін, дайын тұрған көлікке міндім де, кеттім» дедім. Ол кезде ассистенттер ескертіп айтпаған, содан осындай дүниелер болды. Жалпы бұл киноға мен емес, Құман Тастанбеков түсуі керек болған. Ол Қырғызстанда болғандықтан, Амангелді Тәжібаев деген кісі аяқасты мені түсірді. Айта берсең қызық әңгімелер көп.

– Өнер жолында жүрген жастарға қандай кеңес бересіз?

– Батыр, батыл болу керек. Өнер жолы деген өте қиын. Бұдан адам бір ақсаса солай кетеді. Сондықтан ақсамауға тырысу керек.

Қазіргі заманауи актерлар дейміз ғой, міне, солардың ойнауы, сөйлеу мәнері де бөлек. Олар тез ойланып, шешім қабылдап және жылдам жауап береді. Негізі актер деген қызық қой, түрлі образда ойнай алады. Жастарға айтарым, еңбексіз ештеңе болмайды, ол қатып қалған қағида. Тек қана еңбектену керек.

Бұрын менің кейбір достарым «Қойшы сахнаға сөзіңді жаттап шығасың да, айта саласың» деп айтатын. Сол кезде кішкене ызаландым да достарымды репитицияға алып келдім. Сонда досым қарап отырып, артынан шыққаннан кейін «мынау сұмдық екен» деді. Тіпті бізге «сенің талантың жоқ», «дарынды емессің» деген секілді қаншама сөз айтылса да шыдаймыз. Әлі күнге дейін жұмыс істегеніме 43 жыл болса да, сахнаға шыққанда қобалжу болады. Әрі қарай сахнаға шығып қойылым басталғанда жаңағының барлығы қалады. Сахна деген құдірет қой. Сол үшін жастар қызығып емес, ойланып келу керек. Егер өнер жолына түсті ма, онда аяғына дейін жүруі қажет. Өнер жолы деген қиын жол.

– Балаларыңыз өнер жолын таңдаса қалай қарайсыз?

– Балаларымды өнер жолына жібермедім. Бірақ қызым өмір бойына өкінішпен келеді. Себебі ол театр институтына түскісі келді, мен қарсылық таныттым. Қыздың жолына өте ауыр дедім. Дегенмен режиссер мамандығы мен журналистика саласы бойынша бітіріп, Астанада бас режиссер болып жұмыс істеді. Кейін күйеубаламен бірге Қырғызстанға кетті. Бірақ қызым бұл саладан қол үзбей бірнеше сериал түсірді. Егер ол жақта жұмыс табылмайтындай жағдай болса, Қазақстанға келіп жұмыс істеуі мүмкін.

Жалпы қызымды өнер жолына жібермегеніме іштей өкінемін. Ол әлі күнге дейін «сіз неге мені жібермедіңіз» деп айтады. 90 жылдары адамдарда көңіл-күй жоқ, қаражат та жоқ, үйге жаяу барып-қайтатын едік. Ал театр залында арасында тек қана 10-15 көрермен отыратын. Бір жағынан, театрда қыздардың жолы өте ауыр болатын. Мысалы, театрда он еркек болса соның біреуі ғана актриса үшін болатын. Тіпті театр деп жүріп, мүлде отбасын құрмай, бала сүймей өкінетіндер бар. Осының барлығын ойлап жібермедім. Кейін мықты актриса болатын еді деп ойлап қоям. Өйткені қызым өзіме ұқсаған. Әрине, қазіргі таңдаған мамандығынан жаман болмаса да, театрды қызығып айтады. Дегенмен менде өкініш бар.

– Сұхбатыңызға рахмет, аға!

Сұхбаттасқан
Нәзира МҰҚАТАЕВА

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3109 **Тапсырыс №2002**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ